

***Тақырып: Жеке адамға
қарсы қылмыстық құқық
бұзушылықтар***

***Пән: ҚР Қылмыстық
құқығы (Ерекше бөлім)***

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыру

Түрлері (тікелей объектісіне қарай):

1) Өмірге қарсы қылмыстар (ҚР ҚК 99-105 баптары)

2) Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК 106-114 баптары)

3) Өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК 114-119 баптары)

4) Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмастыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК 120-124 баптары)

5) Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК 125-129 баптары)

6) Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК 130-131 баптары)

- **Өмірге қарсы қылмыстар**

- **Адам өлтіру**

- **Қарапайым**

- (ҚР ҚК 99-баб.1-бөл.)

- **Сараланған**

- (ҚР ҚК 99-баб. 2-бөл.)

- **Жеңілдетілген**

- (ҚР ҚК 100-103 бапт.)

- **Абайсызда қаза келтіру (ҚР ҚК 104-бабы)**

- **Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бабы)**

Адам өлтірудің негізгі құрамы

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Басқа адамның өмірі
Объективтік жағы	Қоғамдық қауіпті әрекет	Басқа адамға қаза келтіруге бағытталған белсенді іс-әрекет немесе әрекетсіздік
	Қоғамдық қауіпті зардап	Жәбірленушінің қазасы
	Себептілік байланыс	Әрекет пен зардап арасында
Субъект	Жалпы	14 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Қасақаналық (тікелей немесе жанама)

Адам өлтірудің сараланған құрамдары

- 1) екі немесе одан көп адамды;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның жақындарын;
- 3) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан;
- 4) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелді;
- 5) аса қатыгездікпен жасалған;
- 6) басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған;
- 7) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 8) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша не қарақшылықпен немесе қорқытып алумен ұштасқан;
- 9) бұзақылық ниетпен;
- 10) басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлаумен немесе сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен ұштасқан;
- 11) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек уәжі бойынша;
- 12) жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатымен жасалған;
- 13) бірнеше рет жасалған;
- 14) көрінеу кәмелетке толмаған адамды;
- 15) қылмыстық топ жасаған, сол сияқты төтенше жағдай кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында

- **14 жасар Маринаны Савин зорламақшы болып денсаулығына ауыр жарақат салады. Жарақат салдарынан Марина 1996 жылдың шілде айында қайтыс болады.**
- **1997 жылдың 28 сәуірінде сот залында Маринаның анасы 33 жасар Савинге ТТ тапаншасынан бірнеше рет оқ атады. Бірақ жарақаты жеңіл болып, Савин тез айығып кетеді.**

- **Денсаулыққа зиян келтіру** – ағзаның (тіннің) анатомиялық тұтастығының (дене жарақаттары) немесе олардың физиологиялық қызметінің бұзылуы, немесе сыртқы ортаның түрлі факторларының – механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психогендік – әсерінен болған аурулар немесе патологиялық жағдай (Нұсқаулықтың 30) тарм.).

- **Денсаулыққа ауыр зиян** – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян (ҚР ҚК 3-баб. 11) тарм.).

- **Денсаулыққа ауырлығы орташа зиян**
– адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян (ҚР ҚК 3-баб. 12) тарм.).

- **Денсаулыққа келтірілген орташа зиянның белгілері:**
- 1) денсаулықтың ұзақ бұзылуы - 3 аптадан артық бұзылуы (21 күннен астам), денсаулыққа келтірілген зиянға тікелей байланысты аурулар немесе ұзақтығы үш аптадан артық (21 күннен астам) қандайда бір орган функциясының бұзылуы түріндегі салдар жатады;
- 2) жалпы еңбекке қабілеттілікті айтарлықтай тұрақты жоғалту (10-33%-ды қоса алғанда).
(Нұсқаулықтың 35) тарм.)

- **Денсаулыққа жеңіл зиян** – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян (ҚР ҚК 3-баб. 13) тарм.).

- **Денсаулыққа келтірілген жеңіл зиянның белгілері:**
- 1) денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуы - 3 аптадан аспайтын мерзімге, кемінде 21 күн;
- 2) жалпы еңбекке қабілеттіліктің сәл тұрақты бұзылуы – кемінде 10%.
- (Нұсқаулықтың 36) тарм.)

Ұрып-соғу (ҚР ҚК 109-бабы)

- Тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау.**

Қинау (ҚР ҚК 110-бабы)

- Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы тән зардабына немесе психикалық зардап шегуге ұшырату, егер бұл іс-әрекет денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса

Қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Өмір мен денсаулық
Объективтік жағы	Қоғамдық қауіпті әрекет	Белсенді іс-әрекет – қорқыту
	Егер қорқыту іске асады деп қауіптенуге жеткілікті негіздер болса	Қорқытудың мазмұны: 1) Өлтіремін деп 2) Денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп 3) Адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданамын деп 4) Мүлікті өртеп жоямын деп 5) Мүлікті жарылыс жасап жоямын деп 6) Мүлікті өзге жалпыға қауіпті тәсілмен жоямын деп
Субъект	Жалпы	16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

Зорлаудың негізгі құрамы (ҚР ҚК 120-баб. 1-бөл.)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Жыныстық бостандық
	Қосымша	Денсаулық
	Жәбірленуші	Әйел адам
Объективтік жағы	Қоғамдық қауіпті әрекет	Белсенді іс-әрекет – жыныстық қатынас жасау
	Тәсілі	<ol style="list-style-type: none"> 1) Күш қолдану 2) Күш қолдану қатерін төндіру 3) Дәрменсіз күйін пайдалану
Субъект	Жалпы	14 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

Адам ұрлау (ҚР ҚК 125-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Жеке бас бостандық
Объективтік жағы	Қоғамдық қауіпті әрекет	Белсенді іс-әрекет – адамды ұрлау
Субъект	Жалпы	14 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Қасақаналық

Адам ұрлаудың объективтік жағын құрайтын әрекеттер:

- 1) адамды ұстау
- 2) кеңістікте орнын ауыстыру
- 3) сол жерде еркінен тыс ұстау